

Бейнеу ауданы әкімдігінің "Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысы

Күші жойған

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 20 қарашадағы № 297 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 6 желтоқсанда № 4047 болып тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 19 шілдедегі № 260 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 19.07.2021 № 260 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" заңдарына сәйкес Бейнеу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, ата – анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата - анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгіленсін.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 22.09.2020 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" Бейнеу ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 291 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3267 болып тіркелген, 2017 жылғы 6 ақпанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Бейнеу аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Қ. Назарханов) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

Ескерту. 3 тармақ жаңа редакцияда - Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы әкімдігінің 22.09.2020 № 265 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3	"Бейнеу ауданының әкімдігінің "Абай атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	246	-	-	-	-	1	2
4	"Бейнеу ауданының әкімдігінің "Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	266	-	-	-	-	1	2
5	"Бейнеу ауданының әкімдігінің "Бейнеу орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	219	-	-	-	-	1	2
6	"Бейнеу ауданының әкімдігінің "Манашы орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	232	-	-	-	-	1	2
7	"Бейнеу ауданының әкімдігінің "Боранқұл орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	163	-	-	-	-	1	1
8	"Бейнеу ауданының әкімдігінің "Ақжігіт орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	84	-	-	-	-	1	1
Барлығы:				9		9		10